



17-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Экологиялық әділеттілік





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

## Экологиялық әділеттілік

Өткен дәрісте біз экологиялық этиканы, соның ішінде антропоцентристік көзқарас теориясын және антропоцентристік теорияның ерекшеліктері мен проблемаларын қарастырған болатынбыз. Осы антропоцентристік көзқарастың тағы бір проблемасы экологиялық шығындардың қалай үлестірілетініне байланысты туындайды. Бұл әлеуметтік және экономикалық әділеттілік мәселелеріне қатысты. Мұндағы ең басты және ең күрделі сұрақ: біздің іс-әрекетіміз келешек буындарға қалай ықпал етеді? Келешек ұрпағымызға таза экологияны қалдыру біздің міндетіміз бе? Оларға қатысты әділеттілік дегеніміз не? Алайда, қазіргі күні өмір сүріп отырған нақты адамдар үшін пайда мен зиян қалай үлестіріледі?

Экологиялық әділеттілік - 1970-ші жылдың шілдесінде АҚШ Үкіметі құрған Экологияны қорғау агенттігінің басты идеясы, ол оны «экологиялық заңдарды, ережелерді және саясатты сақтаудағы жасақтамаларда, іске асыру және қамтамасыз етуде нәсіліне, терісінің түсіне немесе табысына тәуелсіз барлық адамдардың әділетті көзқарасы мен сындарлы атсалысуы» деп түсіндіреді. Экологиялық мәселелер әлеуметтік әділдік пен тең құқықтық деген сияқты нәрселерді қамтуы тиіс деп атап көрсету орынсыз болып көрінуі мүмкін. Алайда, шын мәнінде, қоршаған ортаның деградациясынан, ақыр аяғында, ең алдымен кедейлер мен құқықтары басқалармен тең емес адамдар көбірек азап шегеді. Мысалы, инфрақұрылымы дамыған және табысты бай елдер климаттың өзгерістеріне дамымаған елдерге қарағанда, біршама нәтижелі әрекет ете алады деген мәселені қарастырып көрейік. Әдетте, кедей адамдар лас жерлерге және түрлі зиянды қалдық-қоқыстардың жанында өмір сүреді, ал бай адамдар әрдайым көшіп кете алады, немесе, өз аудандарының ластану мәселесесін шеші үшін өз қаржысын жаратып, жағдайды түзете алады. Бұл кедей адамдар ластанудың салдарынан ең көп зардап шегетін Құрама Штаттарының ғана емес, жалпы, бүкіл әлемнің алаңдаушылығын тудыруда. Ал дамушы елдерде экологиялық нормалар не мүлде жоқ, не жай дамып жатыр.

### Бхопалдағы апат



Бхопалдағы апат – 1984 жылдың 3 желтоқсанында Үндістанның Бхопал қаласында америкалық химиялық-өнеркәсіптік корпорация «Юнион Карбид»-ке тиесілі химиялық зауытта орын алған апаттың нәтижесінде болған қазіргі тарихтағы құрбандар саны бойынша ең ірі техногенді апат. Апаттың нәтижесінде, кем дегенде, 18 мың адам қаза болды, соның ішінде үш мыңы апат күні, ал қалған 15 мыңы кейінгі жылдары өмірмен қош айтысты.

Экологиялық әділеттілік туралы әңгіме қозғалғанда еске түсетін бір қайғылы оқиға 1984 жылы Үндістанның Бхопал атты аймағындағы Юнион Карбид деген зауыттағы газдың жайылып кетуі. Бұл төтенше жағдайдың нәтижесінде улы газдың таралған бірінші күндерінде-ақ 3000 астам адам қаза болды.

Статистикаға сенсек, осы апаттың кесірінен көз жұмған адамдардың саны 15 000-нан асады, оған қоса, зардап шеккендер саны – 600 000 адам. «Халықаралық амнистия» ұйымы қайтыс болғандардың саны едәуір көп деп санайды: олар 22000 адам қаза болды және, кем дегенде, тағы 150 000 адам әлде де осы улы қалдықтардың кесірінен пайда болған өкпе немесе бауыр ауруларымен күресіп келеді деп санайды. Сол сәтте қаза тапқан адамдардан бөлек, бұл апаттың нәтижесінде жер мен су ластанып, әлде де тазартылған жоқ. Осы апаттың орын алуына кінәлі деп танылған жергілікті басшылар осындай оқиғаның болуына кінәлі болып мойындалғаннан кейін, өз жазасынан болмашы ғана айыппұл төлеп, құтылып кетті. Ал Юнион Карбид зауытының бұрынғы төрағасы Уоррен Андерсон мүлде ешқандай жазаға тартылмады да. 2012 жылы Америка соты Юнион Карбидке тиесілі Андерсон және Доу Кемикал компаниясына қарсы Бхопал тұрғындарының жазған арызын қабылдамады. Жұмыстан шығып кеткендігі Андерсон мен компанияны апат болған жердегі қоршаған ортаны қалпына келтіруге байланысты наразылық-талаптан босатты. Бұл оқиға зардап шеккендердің саны мен жауапты жақтарға тағайындалған болмашы ғана жазаларымен, сондай-ақ, қоршаған орта деп түсінілетін ұғымға қатысты біздің көзқарасымызбен ерекшеленеді. Қоршаған орта дегенде, әдетте, біздің есімізге жабайы табиғат түседі. Алайда қалалардың ауасы мен суы да қоршаған ортаның құрамдастары ғой. Бхопалдағы жағдай осындай ластану көптеген адамдардың өліміне алып келетінін, әрі өнеркәсіптік апаттардан ең алдымен кедей адамдар зардап шегетінін еске салады.

Экологиялық әділеттілік қатарына жататын бірқатар мәселелер бар, соның ішінде қоқыс-қалдықтардың тасталатын жерлері қайда, ауылшаруашылық жұмыскерлері мен ауылшаруашылық қожалықтары



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

тыңайтқыштар мен пестицидтерден жеткілікті деңгейде қорғалған ба, уран қай жерде өндіріледі, аң аулау мен балық аулау ережелері қалайша реттеледі және олардың сақталуы қалайша қамтамасыз етіледі, қоршаған ортаны қалпына келтіруге қажетті қызметтердің ақысын кім төлейді, әрі қоршаған ортаны ластайтындардың жазасын кім тағайындайды деген сияқты көптеген сұрақтарды қамтиды.

## Экоцентризм немесе биоцентризм

Бұл мәселелер әлеуметтік әділдіктің басқа да проблемаларымен байланысты және толығымен антропоцентристік сипатта. Кейбір экологтардың айтуынша, экологиялық әділдікке қатысты мұндай сұрақтардың алдыңғы қатарға шығуы адам мүдделерінен өзге, жалпы экожүйелердің өздерінің құндылықтарына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбей қалуына себеп болып жатыр. Эколог-ғалымдардың бірі Кевин Делука антропоцентристік көзқарасқа байланысты өз ренішін жеткізіп, «жабайы табиғатқа басты назар аударатын экологиялық көзқарастан бас тарту, нағыз апатты қателік. Экологизмдегі ең тамаша көріністер ішкі болмысының үніне еріп, өз эгоизмінен бас тартатын және жабайы табиғат пен басқа түрлерге қамқорлық көрсететін адамдардың әрекеттерінен байқалады», - дейді. Бұл көзқарас экологиялық этикадағы экоцентрлік немесе биоцентрлік ұстанымды білдіреді.

Олай болса, экоцентризмге тоқталып өтсек.

Антропоцентрлік көзқарасқа сай, қоршаған ортаға қатысты қамқорлық тек өздері ғана ішкі құндылыққа ие адамдардың өмірін жақсартуға бағытталуы тиіс. Осы көзқарасқа қарама-қарсы, экоцентризм немесе биоцентризм ұстанымы бар, оған сенсек, ішкі игілік пен құндылыққа тек адамдар ғана емес, өсімдіктер, жануарлар және экожүйелер сияқты нәрселер де ие. Бұл ұстанымдардың теоретиктері мұндай ішкі құндылыққа өмірдің кейбір жекелей формалары ие десе, басқалары мұндай құндылыққа бүтіндей бір жүйелер немесе экожүйелер ие деген пікірді айтады. Бұл көзқарас тұрғысынан қоршаған ортаға байланысты этикалық сұрақтар осы өмір формаларының ең басты мүдделеріне не лайық немесе белгілі бір экожүйенің дамуына не себептеседі немесе себептеспейді (немесе қанағаттанарлық деңгейде ғана сай келеді) деген нәрселерді анықтап алуға бағытталуы тиіс.

Экоцентристер антропоцентристерді сынға алады. Олар ішкі құндылыққа не себепті адамдар ғана лайық, ал қалған нәрселердің бәрі тек инструментал құндылыққа ғана ие болуы тиіс деп сұрайды. Осы теорияның кейбір жақтастары бұл мәселеге қатысты яһудилік-христиандық дәстүрді айыптайды. Атап айтсақ, олар жерді бағындырып, теңіз балықтары мен аспан құстары, әрі жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің үстінен не себепті адам қарауы тиіс дейтін библиялық сенімді сынға алады. Олардың ойынша осы көзқарас - адамдардың табиғат пен басқа тіршілік иелеріне қатысты осындай инструментал ұстанымның бастауы.

Экоцентристердің пікірінше, біз табиғатқа үлкен құрметпен және таңданыспен қарауымыз тиіс, себебі табиғат пен табиғи тіршілік иелерінің өзіндік бір ішкі құндылығы бар. Өткен дәрісімізде мысалға келтірген 2000-жылдық секвойя ағаштарына қайта оралайық. Бәлкім, сіз алып болғаны сонша, ортасынан машиналар жүретіндей етіп, үңгір қуыс ойылған ағаштардың суреттерін осыған дейін көрген боларсыз. 1880-шы жылдары осындай үңгір қуыс Калифорния штатының оңтүстік аймағындағы қазіргі кезде Йосемити ұлттық паркі болып табылатын Вавонадағы алып секвойяның ортасынан ойылған еді.

Йосемити Ұлттық паркі – АҚШ, Калифорния штатындағы Мадера, Марипоса және Туолумне аймақтарында орналасқан ұлттық парк. Аумағы 3081 шаршы км құрайды және Сьерра-Невада тау жотасының бөктерінде орналасқан.



Туристер осы үңгірмен өткенді өте жақсы көреді. Алайда, кей адамдардың пікірінше, бұл әрекет осыншама сәулетті ағашқа жасалған жарақат пен жәбірлеумен тең. Бұл кісілер ағаштың өзі белгілі бір толымды мәнге, ішкі құндылыққа және қасиетке ие деп сенеді, әрі оны аяқ етуге болмайды. Яғни, ағаштың өзінің моральдық бір мәртебесі бар. Біздің осы ағашқа жасаған әрекетіміздің де моральдық мәні бар, дейді экоцентристер.

Ағаштар осындай моральдық мәртебеге ие ме? Онда барлық ағзалар өздерін өздері реттейтін жүйелер деп айтуға болар еді. Себебі, егер ағзалар ұйымдастырылған жүйе немесе интеграцияланған тірі бір



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

толымды болмыс болса, онда бұл – олардың ішкі құндылығы, тіпті, моральдық мәртебесі де бар деген сөз ғой. Яғни, оларды тек адамдар үшін пайдалы болғандықтан ғана құнды санауға болмайды. Осы көзқарас тұрғысынан Вавонаның алып секвойяларын тек олардың туристік тартымдылығы тұрғысынан ғана қарастыруға болмайды.



1968 жылы Калифорния штатындағы Йосемити паркінде ортасынан үңгір ойылған ірі секвойя ағашы дауылдан құлап қалды.

Оған қоса, ағаштардың өздері үшін жақсы және жаман болуы мүмкін нәрселер бар. Мысалы, Вавона ағашының қуысындағы үңгір, ақыр аяғында, ағашты әлсіретіп, ол 1968 жылы дауыл кезінде құлап қалды. Ағаштарды моральдық себептерге сай жауапкершілікпен әрекет ететін моральдық агент деп санай алмайтын болсақ та, оларды бәрібір моральдық пациенттер деп атауға болады. Бұл жердегі моральдық пациент деп отырғанымыз – біздің онымен жасайтын барлық әрекеттеріміз ол үшін маңызды болатын тіршілік иесі. Моральдық пациент дегеніміз – біздің оған қатысты тек жанама міндеттеріміз ғана емес, тікелей міндеттеріміздің болуын талап ететін кез-келген болмыс иесі. Егер ағаш моральдық пациент болса, онда біз де ағашқа қатысты сайып келгенде өз мүддемізге сай жанама себеппен ғана емес, оның өзі үшін белгілі бір жағымды амалмен әрекет етуіміз тиіс. Экоцентристер ағаштар бізге ешқандай саналы мүддесін білдірмесе де, олардың мүдделері үшін ең қолайлы нәрселер бар деп сендіруі мүмкін.

## Экожүйе

Өмірдің барлық формалары ішкі құндылыққа ие деп сендіретін экоцентристерден бөлек, экожүйелердің құндылығын ерекше атап көрсететін экоцентристер де бар. Экожүйе дегеніміз – шектелген аймақ ауқымында өзара әрекеттесетін және өзара тәуелді бөліктердің интеграцияланған жүйесі. Бұл құрылымы аса қатаң емес тұтас нәрселер. Олардың шекаралары өзгереді, кей мүшелері келіп-кетеді. Кейде онда осы өмір сүру ортасындағы жыртқыш пен оның құрбаны арасындағыдай, жалпы бәсекелестік бар. Кейде осы әрбір бөлік басқа бөліктермен әрекеттесе өмір сүретін симбиоз пайда болады, мысалы, гүлдер мен оларды тозаңдандыратын аралар арасындағы сияқты. Аман қалуға деген мұқтаждық түрлі тіршілік иелерін осындай бейімделу жарысында түрлі айдаларға жүгінуге итермелейді. Бүтін бір жүйе бар, бірақ ол емин-еркін және оның орталық нүктесі жоқ. Олай болса, осы тұтас нәрсені не себепті өздігінен құнды санау қажет?

Бұл сұрақтың жауабын экология философы Альдо Леопольд беруге тырсады. 1940-шы жылдары ол өзінің танымал эссесі «Жер этикасын» жазған болатын. Оның ойынша, біз жерді қыртыстардың, өсімдіктердің және жануарлардың тізбегі арқылы жүріп отыратын қуат фонтаны ретінде қабылдауымыз тиіс.



Альдо Леопольд (1887-1948жж.) – америкалық жазушы, ғалым, эколог, орманшы және қоршаған ортаны қорғаушы.

Біздің планетамыздағы өмірге жағдай жасайтын кез-келген ортаға көз салып көріңіз. Сіз бір тұтас ағзадай әрекет ететін өзара тәуелді және өзара байланысты элементтерді, яғни, өмір жүйесін байқайсыз. Мұндай жүйе төменгі жағында мыңдаған ұсақ ағзалардан, ал жоғарылаған сайын үлкейе беретін және күрделі бола түсетін ағзалардан тұратын биотикалық пирамида күйінде ұйымдастырылған. Бұл жүйеде өсімдіктер Жерге, ал жәндіктер – өсімдікке, ал басқа жануарлар – жәндіктерге тәуелді. Леопольд барлық



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жүйені сау немесе сау емес деп айту дұрыс емес деп санады. Егер жерді су шайып немесе су басып кететін болса, қалған жүйенің бәрі зардап шегеді. Бұл жүйеде барлық жеке-жеке ағзалар бір-бірінің арқасында қоректеніп, тіршілік етеді. Бір элементтер келеді, басқалары – кетеді, ал тұтас жүйе өз тіршілігін жалғастыра береді.

Леопольдтың ойынша, табиғатқа деген осындай көзқарастан этиканың ерекше типі – биоцентрлік немесе экоцентрлік этика туындайды. Оның айтуынша, биотикалық жүйенің тұтастығын, тұрақтылығын және сұлулығын сақтауға талпынатын нәрсе – дұрыс. Ал егер ол осыған қрасы әрекет ететін болса, бұл – бұрыс. Ерекше сипатқа ие бүтін бір ортақ жүйеге бірігетін өзара байланысты элементтердің біртұтастығын білдіретін болғандықтан жүйе белгілі бір тұтастыққа ие. Ол мүлде өзгермейтін емес, бірте-бірте өзгертіндіктен белгілі бір тұрақтылықпен сипатталады. Сайып келгенде, оның өзіндік бір сұлулығы бар. Мұндағы сұлулық деп отырғанымыз – үйлесімдік, реттелген форма немесе әралуандықтың тұтастығы. Егер бүкіл жер жүйесін біршама кең ауқымда елестететін болсақ, онда оны белгілі бір тұтастыққа, тұрақтылыққа және сұлулыққа ие ортақ бір жүйе ретінде қарастыруға болады. Мұндағы мораль – осы жүйені аман алып қалу немесе тек оған ғана сай нәрсені орындау мәселесі.

Табиғатқа қатысты биоцентрлік көзқарастардан байқалатын ұстанымдар тек қазіргі философтардың пікірлерімен ғана шектелмейді. Американың байырғы тұрғындары – үндістердің табиғатқа деген көзқарасы – осындай биоцентрлік ойлаудың тамаша көрінісі. Мысалы, Оглала Сиу тайпасының жазушысы Бүркіт-адам барлық тіршілік иелерінің бірлігін ерекше атап көрсетеді. Олардың бәрі өте шағын ұрықтардан өсіп жетіледі, демек, олардың бәрі бір-біріне бауыр. Бұл ұрықтардың бәрін Жер-Ана туады, әрі бұл ұрықтар өзінің аман қалуы үшін табатын қорегін де жерден алады.

## Трансцендентализм


Біз Жер-Ананы құрметтеуге тиіспіз, себебі оның бастауы – Көктегі Ұлы Рухтан. Оған қоса, еуропалық және америкалық романтизмнің кейбір формалары да табиғатқа рухани құндылықты тән етеді. Мұндай пікірді ұстанатындардың қатарына трансценденталистер Ральф Уолдо Эмерсон мен Генри Дэвид Тороны жатқызуға болады.

Генри Дэвид Торо (1817-1862жж.) – америкалық жазушы, философ, натуралист және ақын. Америкалық трансцендентализмнің көрнекі өкілі, Ральф Уолдо Эмерсонның жақын досы және серіктесі.



Трансцендентализм – Құрама Штаттарында 19 ғасырдың ортасында пайда болған романтикалық идеализм қозғалысы. Эмерсон мен Торо табиғатқа бөтен немесе жат нәрсеге емес, досына немесе жанына жақын тұлға секілді қарайды. Осы көзқарасты басшылыққа алып, Торо Уолден-Понд атты оқшау бір мекенге оралып, табиғаттың аясында толыққанды өмірді тануға талпынады. Бұл жерде ол табиғаттың шынайы келбетін, оның өзгерістері мен барлық құбылыстарын жете білгісі келді.

Ральф Уолдо Эмерсон (1803-1882жж.) – америкалық эссеист, ақын, философ, пастор, қоғамдық қайраткер, АҚШ ең көрнекі ойшылдары мен жазушыларының бірі.



Торо мен Эмерсон табиғат «дәрістерін» меңгергеніне қарамастан, сонымен қатар олар шығыс мәтіндерін де көптеп оқып, батыс философиясы тарихының ықпалын сезінді. Кейбір ойшылдар өздерінің табиғат туралы теорияларының қырларын барлық нәрсе – идея немесе рух деген көзқарасқа сай, идеализм ретінде



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

сипаттаса, басқалары оны табиғаттың барлық элементтерінен Құдайды көруге болады дейтін пантеизм атты доктрина ретінде суреттейді. Трансценденталистер «Сьерра клубының» негізін қалаушы Джон Мьюрға қатты ықпал етті. Мьюр да табиғаттың ұлылығы, киелілігі және рухани құндылығы туралы пікірді ұстанды. Мьюр өзінің табиғатқа деген махаббатын нақтылай әрекеттерге ұластырып, Конгресс алдында Ұлттық парктер туралы заң жобасын қабылдау туралы ұсынысын қорғады, нәтижесінде, осы жобалар аясында Йосемити және Секвойя ұлттық парктері құрылды.


Романтикалық және идеалистік идеялар редуccionистік типтегі антропоцентрилік көзқарастардан қатты өзгешеленеді. Сонымен бірге, олар көптеген сұрақ тудырады. Біз Альдо Леопольд сияқты көзқарасты ұстанатын ойшылдардан: табиғат неге мейірімді? деген сұрақ қойсақ болады. Табиғат өте қатігез болуы мүмкін. Әсіресе, мұны кейбір жануарлардың тұрғысынан, не болмаса, тіпті алапат дауылдар мен тайфундардан, жанартаулардың атқылауынан зардап шегетін өзіміздің көзқарасымыз тұрғысынан байқауға болады. Оның үстіне, біз бар нәрсенің бәрі жақсы деп қандай дәлелге арқа сүйеп, айта аламыз?

## Терең экология

Ал енді, экология этикасындағы терең экология теориясына кезек берейік. Терең экология дегеніміз – экоцентризм аясындағы басқа қозғалыс түрі. Бұл қозғалыстың мүшелері қазіргі таңда ықпалды болып тұрған энвайронментализм сияқты ұстанымнан ерекше санап, оны «майда экология» деп атайды да, оған түбегейлі антропоцентристік деген сипат береді. «Терең экология» терминін алғаш рет норвегиялық философ және эколог Арне Несс пайдаланған болатын.

«Терең» экологтар табиғатқа деген біршама тұтас көзқарасты ұстанып, біз қоршаған орта деградациясының түпкі себептерін тереңінен зерделеуіміз қажет деп санайды. Мұндағы идея мынада: біздің экологиялық проблемаларымыздың түп тамыры Батыс психологиясына тереңінен бойлап кеткен, әрі оларды шешу үшін көзқарастарды түбегейлі өзгерту қажет. Олардың ойынша, біздің экологиялық проблемаларымыздың себебі батыстық редуccionизмге, индивидуализмге және тұтынушылық көзқарасқа байланысты. Бұл мәселелердің түйінін шешу үшін шынайы әлемнің бәрі қозғалыстағы атомдармен ғана шектеле ме деген кейбір метафизикалық түсініктерді қайта саралап, қалыптастыру қажет. Бұл – жалпы, индивидуум, жеке адам ұғымына қатысты көзқарасты қайта қарау. Индивидтер дегеніміз – оңаша және тәуелсіз тіршілік иесі ме? Әлде олар – тұтас бір жүйенің өзара тәуелді бөліктері ме?

Терең экологтардың пікірінше, біздің экологиялық проблемаларымызды шешу үшін біз өмірдің жақсы сапасы деген нәрсеге қатысты көзқарасымызды өзгертуіміз қажет. Терең экологтардың айтуынша, жақсы өмір дегеніміз – заттарға ие болып, өз қалауларың мен қажеттіліктеріңді қанағаттандыруды іздеуге баса мән беретін өмір емес. Жақсы өмір дегеніміз – жергілікті экожүйе аясындағы қарапайым өмір.



Арне Декке Эйде Несс (1912-2009 жж.) – XX ғасырдың ірі норвегиялық философы, эколог және альпинист.

Арне Нессің өмір салты осы ойына сай болды. Ол трансценденталист Торо сияқты, Норвегия тауларындағы өз қолымен салған шағын лашықта қазіргі қоғамнан оқшау өмір сүрді. Ол 96 жасқа келген шағына дейін, яғни, 2009 жылға дейін өте қарапайым өмір салтын ұстанды.

Біздің түпкілікті дүниетанымымыздағы түбегейлі өзгерістердің қажеттілігін сипаттаумен қатар, терең экологтар табиғатты өзгерту мақсатымен оған кез-келген араласу үшін аса бір дәлелді себеп керек. Егер біз табиғатты өзгертпек болып, оның әдеттегі тәртібіне аралассақ, онда бұл әрекетіміздің себебі өмірлік маңызға ие болуы тиіс. Алайда біз басатын әр қадамымызға аса абай болуымыз қажет себебі біздің әрекеттеріміздің салдары өте ұзаққа апарып, өте зиян болуы мүмкін. Оның үстіне, біз табиғатты оның шынайы болмысы тұрғысынан – жақсы, дұрыс және үйлесімді деп қабылдауымыз қажет. Терең экология адамзаттан бөлек өмір формалары өсіп-өркендеуі үшін «адам популяциясының айтарлықтай қысқаруы» тиіс деген пікірді қамтиды. Эколог-ойшыл Джордж Сешнстің айтуынша, «адамзат өзінің жер бетіндегі өнеркәсіптік іс-әрекетін бірден қысқартып, өзінің тұтынушылық өмір салтын өзгертіп, адамзат санын гуманистік амалдармен қысқартып, ретке келтіруі тиіс».



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Кейбір сыншылардың пікірінше, терең экологтар адам популяциясының қысқаруына деген қызығушылығына байланысты мизантроп болып табылады, не болмаса, адамдар популяциясын қысқартудың тоталитарлы әдістерін қолдайды. Кейбір сыншылардың қатты кететіні соншалық, олар терең экологияны «эко-фашизм» деп атайды да, оның идеяларын халық санына бақылау орнату арқылы экологиялық утопияны құрудың фашистік жоспарларына теңейді. Ал кейбір сыншылар, мұндай идеяларды бай америкалықтар немесе еуропалықтар қаржыландырып, халық санына бақылау жүргізуді көздейді дейді.

Терең экология қозғалысының мүшелері саяси тұрғыда айтарлықтай белсенді. Олардың ұрандары: «адамдар жер үшін жауапкершілікті өз мойнына алуы тиіс!». Осындай ұстанымдардың жақтастары «Бірінші кезекте – Жер!» деген сияқты топтардың құрылуына атсалысады. Кейбір радикалды терең экологтар қоршаған ортаны қорғау әрекеттеріне тікелей кірісіп кетіп жатады, бұл әрекеттер тіпті кейде «экосаботажға» дейін ұласады. Айта кетейік, Арнес Несстің өзі кез-келген зорлық-зомбылық әрекеттеріне түбегейлі қарсы болған адам. Ол Гандидің зорлықсыз әдістері жайында көп жазды, әрі өзінің қоршаған ортаға қатысты көзқарасын Гандидің өмірдің түрлі формаларының өзара тәуелділігі туралы идеяларымен үйлестіре білді.

Терең экологияның сыншылары экологиялық қарсылықтың «эко-терроризм» сияқты агрессивті формаларын сипаттайды. Әрине, зорлықсыз қарсыласу, азаматтық бағынбау және қарсылық танытудың біршама зорлықшыл формалары арасында айтарлықтай айырмашылық бар.

Біздің бұл сұрақтарға қатысты көзқарасымыз қандай болса да, терең экологтарға алғыс айтуға болады, себебі олар кейбір экологиялық проблемалардың терең философиялық түп-тамырлары мен себептеріне біздің назарымызды аударып жатыр.

### Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ernest Weekley, *An Etymological Dictionary of Modern English* (New York: Dover, 1967).
2. Barbara MacKinnon, “Pricing Human Life,” *Science, Technology and Human Values* (Spring 1986).
3. Kristin Shrader-Frechette, *Environmental Justice: Creating Equity, Reclaiming Democracy* (Oxford: Oxford University Press, 2002).
4. Kevin DeLuca, “A Wilderness Environmentalism Manifesto: Contesting the Infinite Self-Absorption of Humans,” in *Environmental Justice and Environmentalism: The Social Justice Challenge to the Environmental Movement*, eds. Ronald D. Sandler and Phaedra C. Pezzullo (Cambridge, MA: MIT Press, 2007).
5. Christopher Stone, *Do Trees Have Standing? Toward Legal Rights for Natural Objects* (Los Altos, CA: William Kaufmann, 1974).
6. Holmes Rolston III, *Environmental Ethics: Duties to and Values in the Natural World* (Philadelphia, PA: Temple University Press, 1988).
7. Aldo Leopold, “The Land Ethic,” in *Sand County Almanac* (New York: Oxford University Press, 1949).
8. John Hospers, *Understanding the Arts* (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1982).
9. Ed McGaa (Eagle Man), “We Are All Related,” in *Mother Earth Spirituality: Native American Paths to Healing Ourselves and Our World* (San Francisco, CA: Harper & Row, 1990).
10. Stephen R. Fox, *The American Conservation Movement: John Muir and His Legacy* (Madison, WI: University of Wisconsin Press, 1981).
11. Arne Naess, *Ecology, Community, and Lifestyle*, trans. David Rothenberg (Cambridge: Cambridge University Press, 1989).
12. Paul Taylor, *Respect for Nature* (Princeton, NJ: Princeton University Press, 1986).
13. Bill Devall, *Simple in Means, Rich in Ends: Practicing Deep Ecology* (Layton, UT: Gibbs Smith, 1988).
14. Michael Martin, “Ecosabotage and Civil Disobedience,” *Environmental Ethics* 12 (Winter 1990).
15. Karen J. Warren, “The Power and Promise of Ecological Feminism,” *Environmental Ethics* 9 (Spring 1987).
16. Carol Christ, *Laughter of Aphrodite: Reflections on a Journey to the Goddess* (San Francisco, CA: Harper & Row, 1987).

### Глоссарий

Антропоцентризм – қоршаған орта этикасына (сондай-ақ жануарлардың амандығына) қатысты адамның мүдделерін ғана басты мәселе деп қабылдайтын ұстаным (биоцентризм мен эоцентризмге қарама-қарсы).

Биоцентризм – биотикалық жүйелер мен барлық тіршіліктің құндылығына баса мән беретін қоршаған



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Экологиялық әділеттілік

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

орта (экологиялық) этикасын білдіретін ұстаным (антропоцентризмге қарама-қарсы); сондай-ақ, қараңыз: эоцентризм.

Терең экология – қоршаған орта этикасындағы әсіре эоцентрлік идея; адамның табиғатқа тиесілігін және табиғи нәрселердің өзіндік құндылығын ерекше атап көрсетеді (Деваль мен Сешнстың есімдерімен байланысты).

Эоцентризм – қоршаған орта этикасындағы ұстаным, оның мәні – эожүйенің тек адамға қатысты ғана емес, жалпы өзіндік құндылығын ескеру (антропоцентризмге қарама-қарсы), сондай-ақ қараңыз: биоцентризм.

Эожүйе – қоршаған орта этикасында оны өсімдіктерді, жануарларды және адамдарды қоса алғанда кеңінен біріктірілген, үйлестірілген және ұйымдасқан тұтастық ретінде қарастыратын тұжырымдама.

Қоршаған орта этикасы – эожүйелердің, табиғи қоршаған ортаның құндылығы, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты пайда мен зиянды үлестіру туралы мәселелерді этикалық зерттеу саласы.